

## ***Балалармен қарым-қатынас бойынша ата-аналарға кеңес***

- *Өз балаңызды жақсы көріңіз және ол бұл туралы ешқашан күмәнданбасын.*
- *Балаңызды қандай болса да қабылдаңыз – оның жақсы және жаман жақтарымен қабылдаңыз. Баланың жақсы жақтарына сүйсініңіз, оның мүмкіншілігіне сенім артыңыз..*
- *Баланың өзіне деген сенімі мен қайратын күшейтіңіз.*
- *Балаңызды түсінуге тырысыңыз, оның ойлары мен сезімдеріне қараңыз, өзіңізді балаңыздың орнына қойып қөріңіз.*
- *Өзіңізге: «Иә, мен баламның неліктен бұлай жасағанын түсінемін», - деп айтуға дайын болыңыз.*
- *Балаға табысқа қол жеткізер жағдайлар жасаңыз, оған өзін қайратты екенін, қолынан келетінін, табысты екенін сезіндіруге тырысыңыз.*
- *Өзіңіздің орындалмаған арман мен тілектеріңізді балаңызбен орындалуын іске асырмаңыз, ол жай ғана арман мен тілек екенін түсініңіз. Есіңізде болсын, баланы сөзбен емес үлгілі іспен тәрбиелейді.*
- *Балаңызды басқалармен салыстырмаңыз, әсіресе оларды үлгі тұтпаңыз. Әр баланың қайталанбас тұлға екені есіңізде болсын.*
- *Балаңыздын сіздің ойлағаныңыздай ер жететініне сенім артпаңыз.*
- *Есіңізде болсын, балаңыздың тәрбиесі үшін жауап беретін – Сіз.*